



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

2. Государственная программа «Цифровой Казахстан – 2025». Астана. 2017.

3. Официальный веб-ресурс компании Microsoft: [www.microsoft.com](http://www.microsoft.com).

ӘОЖ: 330.47

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДАМУ ТРЕНДІ РЕТІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Мырзахметқызы Аружан, Джумабаева Бахыт**

[aru\\_01.2000@mail.ru](mailto:aru_01.2000@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті «Менеджмент» мамандығының  
студенттері, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Ауелбекова А.Қ.

Әлемдік деңгейдегі бәсекелестікке қабілетті болу мақсатында Қазақстан Республикасының даму жолын ақпараттық экономика негізінде қалыптастыру, ел экономикасын жаңа сатыға көтерілуге мүмкіндік береді. Елбасымыз Нұрсұлтан Ә.Н. "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсеке қабілеттілік" атты Жолдауында баяндалған көрсеткіштерге жету жолында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы экономиканы жетілдіру - негізгі міндет.

Жоғарыда айтылған ақпараттық экономика терминіне негіздеме берсек, бұл - ел экономикасын басқару және дамыту жолында туындайтын, сондай-ақ осы жолда туындайтын экономикалық мәселелерді виртуалды ақпараттық технологиялар мен зерделеу нәтижесінде жасалатын мәліметтер [1].

Макроэкономика жағдайында ақпараттық экономиканы дамытудың бірнеше сатылары бар. Және де ол сатыларға жету жолында біз кездестіретін бірнеше өзекті мәселелер бар. Сондықтан қазір біз мақсатқа жету жолындағы кездестіретін мәселелер мен оның шешімдерін талқылап көрсетеміз:

Біріншіден, ақпараттық экономиканы дамыту жолында республика көлеміндегі аймақтарда жаңа технологиялық және техникалық ресурстарды қолдануға жеткілікті мөлшерде қаржының бөлінбеуі. Басқарудың реттеу функциясын ала отырып республика көлеміндегі әкімшілік қарамағындағы аймақтарға бөлінген қаражатты зерттей отырып, реттеудің тікелей және жанама әдістерін қолдану арқылы мәселелерді шешу. Қазақстанның жалпы ішкі өнімінде ІТ саласы 4 пайызды көрсетеді. Егер бағдарлама қолға алынса, жалпы ішкі өнім 1 пайызға өсетіні анық. Бұл дегеніміз, 2 миллиард долларды құрайды. Бұл қаражат отандық ІТ тауарларға жұмсалады [2]. Яғни, алдағы 3-4 жылға 2 миллиард доллар көлемінде отандық нарық пайда болмақ. Егер бұл қаржыны жыл сайын 500 миллион доллардан игеретін болса, еліміздің ІТ компаниялары, технопарктері, стартаптары үшін ауқымды қаражат болатыны анық. Бұл жерде ІТ қызмет саласына жаңа серпіліс болады. Мәселен, қаражаттың 100 миллионы қызмет көрсету сапасына, 100 миллионы маман даярлауға, 100 миллионы жаңадан өнім жасауға, 100 миллионы халықты толықтай интернетпен қамтамасыз етуге жұмсалуды мүмкін.

Екіншіден, жаңа технологиялық ресурстардың республика аймақтарында теңдей бөлінбеуі. Атап өткендей республика аймақтарында статистикалық зерттеулер жүргізе отырып, зерттеу нәтижесінің көрсеткіштерін талдау арқылы республиканың қай аймақтарына ресурстардың жеткіліксіздігін анықтау және оларды дұрыс үйлестіру. Мына графикте көріп отырғандай елдегі экономика ақпараттық деңгейге көшпеген уақытындағы графиктің қисықтары.



График – 1. 1998-2016 жж. ел экономикасы

Ал келесі график ақпараттық экономикаға өту жолындағы технологиялық және техникалық ресурстарды пайдалану арқылы көрсетілген көрсеткіштер.



График – 2. ҚР аумағындағы ақпараттық экономиканы игеру

Үшіншіден, ірі қалалар төңірегінде шоғырланған шағын елді-мекендерде ақпарат ауқымының толық көлемде таратылмауы. Бұл мәселе ірі қалалар төңірегіндегі шағын елді мекендерге ақпараттың толық көлемде жетпеуінен орын алады. Мәселені шешу мақсатында біз мынадай жолды ұсынамыз: қалалар аумағындағы шағын елді-мекендерді қосып, бірнеше үлкен мегополис құру арқылы ақпараттық ағымды мегаполис көлеміне түгелдей жеткізу. Мәселен, Қазақстанның оңтүстік аумағындағы Шымкент қаласын алсақ, Шымкент қаласы айтарлықтай үлкен қалалардың бірі және оның жанында шоғырланған елді - мекендер өте көп. Ақпараттық экономиканы дамыту мақсатында сол шағын елді - мекендерді Шымкент қаласының қарамағына қосу арқылы үлкен мегаполис жасау. Яғни, біздің ойымызша шағын елді-мекендерді ірі қалаларға қосу арқылы бірнеше үлкен мегаполис жасап, ақпарат ағымын тездетуге болады. Сонымен қатар, келіп түскен ақпараттарды мегаполис ішінде дереу тарату ісі де қолға алынады. Осылайша бірнеше мегаполистердің ақпарат алмасу процесі жоғары деңгейде жүзеге асып, ақпараттық экономика Қазақстанның дамуына үлкен әсер етеді. Және де басқа да мегаполистерді атап кетсек, орталықта Қарағанды, солтүстікте Астана, шығыста Өскемен, батыста Атырау және оңтүстік-шығыстан Алматы мегаполистері бір-бірімен ақпараттық экономика негізінде коммуникациялық процеске түсе алады.

Төртіншіден, республика аумағындағы еңбекке жарамды азаматтардың көпшілігінің жалпы ақпараттық технологиялар мен техникаларды меңгеруге, игеруге және пайдалануға деген шектеулілігі. Мемлекет ішінде ақпараттық экономиканы дамытатын IT мамандарының жетіспеушілігі. Бұл мәселенің шешімін табу мақсатында ең бірінші мамандарды даярлау ісінен бастаған дұрыс. Маман даярлау мәселесіне тоқталсақ, Қазақстан нарығына 160 мың IT маманы керек. Ал біз бұл межеге әлі де жете алмай жүрміз. Жоғары оқу орындары сұранысты зерделей отырып маман даярласа, бұл тиімдірек болар еді. Маман тапшылығы бар. Ал мегаполистерді құру – үлкен мәселе. Ең әуелі, Астана мен Алматыда, содан кейін Шымкентте мегаполис құрылса. Себебі, бұл аймақтарда бір жағынан халық көп

шоғырланған, екіншіден, кәсіпкерлер көп орта. Яғни, инвестиция тартуға мүмкіндіктер мол болмақ. Елбасы осы Жолдауында бәсекеге қабілетті болуды ерекше назарға алды. Бұл Қазақстанның даму жолының жаңа белесіндегі басты мақсаттардың бірі. Ал ІТ саласы бұл бағытта аса маңызды рөл атқарады [3].

Қорытындылай келе, осылай біз түйінді мәселелерге шешім таба отырып, ақпараттық экономиканың Қазақстан Республикасының дамуына айтарлықтай үлес қосатынын айта аламыз. Біз қарастырған мәселелер мен оның шешімдері мемлекеттік деңгейде орындала отырып, өз мақсатына жетеді деген ойдамыз. Егер осы мәселелер мемлекеттік жағдайда орындалса ақпараттық экономика мемлекет дамуына үлес қоса отырып, әлемдегі озық технологиялармен жетілген және жаһандық бәсекеге қабілетті мемлекетке айнала аламыз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Т.У.Садықов. Методология информационной экономики. Научная монография. М., «Теис», МГУ им. М.В. Ломоносова, 2010.
2. Мэггс П.Б., Сергеев А.П. Интеллектуальная собственность. - М.: Юристъ, 2000.
3. Гаврилов Э.П. Комментарий к закону «Об авторском праве и смежных правах». – М.: Фонд «Правовая культура», 1996.

ӘОЖ: 665

### **ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ**

**Нұралы Назерке**

*Aygulya82@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің

Ә-41 студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Б.Учкампирова

Ұлттық экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда экономиканың бірден-бір маңызды және ең басты қозғаушы күші – кәсіпкерлік қызметті дамыту болып табылады. Елбасымыздың жолдауында бұл мәмелеге айрықша көңіл бөлінді. Кез-келген нарықтық экономика жағдайында тәуекел – бұл кәсіпкерліктің маңызды элементі, тәуекелсіз кәсіпкерлік болмайды [1].

Тәуекел - бұл табиғаттың түрлі құбылыстары және қоғамның қызмет түрлерінің ерекшелігінен туындайтын мүмкін болатын жоғалтулар қаупімен түсіндіріледі. Тәуекел адамдардың қабылдайтын шешімдерінің дұрыс нәтижелігіне әсер ететін көптеген шарттар және факторлармен байланысты қызметтердің келген түрлеріне тән. Белгілі бір дәрежеде тәуекел жағдайы болуын болжамдауға және тәуекел дәрежесін уақытылы төмендету шараларын қабылдауға мүмкіндік беретін түрлі тәсілдерді қолдана отырып, тәуекелді басқаруға болады. Төмен табыс табу немесе шығыстарға ұшырау ықтималдылығы қаншалықты жоғары болса, соншалықты тәуекелді болатыны белгілі. Кәсіпкерліктің негізгі мақсатына- тәуекелді анықтау болып табылады. Қаржы тәуекелінің туындау себептері – инфляциялық факторлар, банктің есептік мөлшерлемелерінің өсуі, бағалы қағаздар құнының төмендеуі және т.б. [2].

Қаржы тәуекелінің сыртқы белгілері келесілер: міндеттемелерді орындау, төлемдерді тоқтату, салықтарды төлеу мерзімдерінің кешіктірілуі, өндірістік, коммерциялық дәстүрлі байланыстардың бұзылуы. Ішкі белгілері: өндірістің тоқтап қалуы, өткізу көлемінің төмендеуі, жұмысшылардың қызметтен босатылуы, мерзімі өтіп кеткен кредиторлық қарыздың жоғары үлесі, қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелерінің төмен көрсеткіштері, қаржыландыру көздері ретінде қарыздық қаражаттарды қолдану үлесінің жоғарылығы.

Тәуекелділік жағдайында шешімдер қабылдау кезінде қолданылатын нақты әдістер мен тәсілдер кәсіпорынның қызмет түріне, қойылған мақсаттар жету стратегиясына тәуелді